



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
2. Қожанов О. Қазақ ономастикасының нормативтік актілерінің жай-күйі // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: «Ақжол-Баспа» 2004. – 224 бет.
3. Жанұзақов Т. Есбаева К. Қазақ есімдері (анықтама сөздік). – Алматы: Ғылым, 1988. – 480 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. : Қ.Күдерінова. О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 744 б.
5. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. – Кн. 1. – М.: Наука, 1979. – 478 с.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
7. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
8. Жанұзақ Т. Есімдер сыры. – Алматы, 2004 ж. – 208 б.
9. Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфия», 2012, – 320 б.
10. Мифы народов мира. В 2-х ч / гл. ред. С.А Токарев. – М.: Сов. энциклопедия, 1992. – 719 с.

ӘОЖ 82.091:94(574)

МАҒЖАННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ

Рысқұл Элеонора Набатбекқызы

eeeleonoraaa777@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 5В021014- «Шетел филологиясы»

мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Жалмырза

Мағжан Бекенұлы Жұмабай 1893 жылы маусымның 25-і күні Ақмола губерниясының Ақмола уезінде (Полуденовский болысы) дүниеге келген. 4 жастағы бала Мағжан әкесінің өз балалары мен туыстары үшін құрған үй мектебінде ауыл мұғалімінен алғаш хат тани бастайды. Мұғалімі білімді, шығыс тілдерінің біразын меңгерген башқұрт жігіті Ахмеддин Аханов болатын. Ахмеддин ұстаз Мағжанға шығыс тілдері мен әдебиетін ғана үйретіп қоймай, сонымен қатар арифметика мен жағрафия сабақтарынан да дәріс берген еді.

1905-1910 жылдарда Мағжан қазіргі Петропавл қаласы, ескі Қызылжардағы медреседе білім алған. Бұл медресені арап, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген, Истанбулда оқып, дәріс алған, ауқатты отбасынан шыққан Мұқаметжан Бегишев ашқан еді.

1910 жылы медресені жақсы үлгеріммен бітірген соң, бұған қанағаттанбай, Ғалия медресесіне түсу үшін Уфаға аттанады. Медресе ол кездерде Жоғары діни оқу орны дәрежесімен бір еді. Мағжан бұл медреседе сабақ беретін ұстаз, белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады.

Болашақ ақын талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов оған білімін әрі қарай көтере түсу керектігін айтып, ақыл-кеңес береді. Осыдан соң Мағжан Жұмабай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түсіп, біраз уақытқа сол қалаға тұрақтап қалады. 1912 жылы Қазан қаласында “Шолпан” атты тұңғыш жинағы басылып шығады, оған Ғалымжан Ибрагимов көп жәрдем еткен. Өлеңдер жинағы өзінің сөзімен, қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абай жинағы бұл кезде

көпшілікке мәлім еді. Мағжан кітабы қазақ поэзиясында соның жалғасындай әсер етті. Семинарияда Мағжан Жұмабай болашақ революционер – ақын Сәкен Сейфуллинмен танысады.

Мағжан орыс һәм Еуропа мәдениетінен сусындамақ болып, Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Осы оқу орнында ол Сәкен Сейфуллинмен алғаш танысады. Мағжан семинарияны алтын медальмен бітіреді.

Мағжан ана тілінің мол байлығын бойына барынша сіңірген, орыс тілін де жетік білген. Соның арқасында ол Пушкин, Лермонтов, Горкий, Байрон, Гете тағы да басқа орыс, Батыс ақын-жазушыларының шығармаларымен танысып, олардың таңдаулы туындыларын ана тілімізге аударып, халқымыздың игілігіне айналдырған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мағжан Жұмабай көпшілік қауым мойындаған, қалыптасқан ақын болып танылады. Оның жырлары қазақ даласын шарлап кетеді. “Жан сөзі” атты атақты өлеңінде ақын өзінің “Медресе – Ғалиядан” кетуіне үзілді-кесілді қарсы болған әкесі Бекенмен арадағы салқындықты және жергілікті дау-шарға қатысқысы келмеген жайын, өзінің сол тұстағы қауымға наразылығын зарлай жырлайды. 1919 жылы ақын екі бірдей қасіретке душар болады: тағдыр қосқан қосағы толғақ үстінен қайтыс болса, азамат соғысы уақытысына орай есімін Азамат қойған перзенті бір жылдан соң ол да үзіледі. Осының бәрі ақын жүрегіне зіл батпан ауыртпалығын салып, зіл-залалы ізін қалдырады. “Мені де, өлім, әлдиле” өлеңі осы сәттерде туған.

1912 – 1915 жылдары Мағжан “Қазақ” газетінің редакторы, түрколог, қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Ахмет Байтұрсынұлынан және Шығыс мәдениетімен де, Батыс мәдениетімен де жан-жақты, терең қаруланған, аса дарын иесі Міржақып Дулатовтан дәріс алып, шығармашылықтың жаңа бір қырына көтеріледі. Мағжанға еуропалық білім алуға, орыс тілін үйреніп, мәдениетімен қанығуға олар көп септігін тигізген.

1917 – 1918 жылдарда қазақ даласында “Алаш” партиясы құрылды, чех бүліншілігі болды, біраз жер Колчактың қол астында қалды. Ақыры совет үкіметі орнады. Осыдан кейін Мағжан Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде қызмет істейді.

Жиырмамыншы жылдардың бірінші жартысында Мағжан Жұмабай Ташкентте шығатын “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет атқарып, біраз дүниелерін жарыққа шығарады. Дәл осы кезде қалың қауымға таныс поэмасы “Батыр Баянды” жазады.

1923 – 1927 жылдары Мағжан Жұмабай Москвада Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды, ол кезде институтты В.Брюсов басқаратын еді. Бұл жылдары ол орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, оқиды. Орыс мәдениеті қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады.

1929 жылы Мағжан Жұмабай “Алқа” атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен 10 жылға сотталады. Шын мәнісінде бұл Сибревком жанындағы Қазақ АССР өкілінің келісімімен құрылған, көпшілік қауымға белгілі, отырықшылыққа айналдыру жөніндегі ресми түрде рұқсат етілген ұйым еді.

Өкініші сол, 1929 жылдан 1938 жылға созылған ақынның он жылдық ғұмыры бізге беймәлім. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен аз ғана уақыт бостандық алғанымен, 1937 жылы Мағжан Жұмабай қайта қамалады. Ал, 1938 жылы ақын ғұмыры мәңгілікке үзіледі. Бұл жөнінде нақты фактілермен дәлелденбеген бірнеше алып-қашты әңгімелер бар, бірінде - ол атылмаған, 1938 жылы наурыз айында ату жазасына кесілген (олар бас-аяғы 19 адам болатын) партия, өкімет, мәдени қайраткерлерімен бірге Новосибирск облысына жер аудырылған-мыс, одан жаңа жерге айдалып, сонда 1956 жылы жалдамалы кәззаптын қолынан қаза тапты деген сөздер бар. Ал, екінші лақапта ол 1942 жылы айдауда қайтыс болған. Бірақ, қазір мұның бәрі негізсіз екені анықталып отыр: ресми жазалау орындарының бір кездерде шындықты жасырып, жалған мәлімет беріп отырғандығынан тараған бос сөздерге ұқсайды. Сот орындары бұл күнде 1938 жылы атылғаны ақиқат деген тұжырымға келіп отыр. Бізге белгісіз тағы бір жәйт бар. Бұл ақынның ғұмырының соңғы жылдары бір нәрсе жазып жазбағандығы, жазса да ол қайда екендігі. Мағжан Жұмабай 1927

жылы жазған “Тоқсанның тобы” поэмасынан кейін қазақ ауылындағы үлкен өзгерістерге қарай бет бұрғаны анық. Рас, конфискация, коллективтендіру, онан кейінгі аштық жылдары, әрине, шығармашылық шабыт бере қоятын жәйттар емес-ті. Сонда да болса, шеккен қайғы-қасіретін, тартқан азабын ақын дәптерде жазып қалдырмауы мүмкін де емес сияқты. Қалай жорамал жасасақ та, Мағжан Жұмабай үнін 1927 жылдан кейін естімейміз. Ақын үні тынды. Өзі бір кездері толғана жазған үні өшкен бұлбұл кейпі басына келді:

Дариға аяқталмай үзілді жыр,
Сұм жүрек жалын болып қалды ғой құр.
Бұлбұлдың әнін үзген не болды екен?
Мынау не, көлдің беті жыбыр-жыбыр?
Көл беті жыбыр-жыбыр бақа: “бақ-бақ”,
Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбақ!
Өмірдің өзгермейтін құрсын заңы –
Бір жақтан бұлбұл шықса, бақа шықпақ.
Жыршы құс бақырайған бақа көрсе,
Бақылдап тырбық бақа әнін бөлсе,
Ойласаң таңқаларлық дәнеңе жоқ
Құсадан ақын бұлбұл үнсіз өлсе. [1, 6-8 б.]

Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып отырады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел – жұртының тағдырына бағышталған. Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей “тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін” үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқырманның жүрегіне әсер етуі мүмкін емес құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмаймыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады.

Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан табылады. Қазақ әдебиетінде Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес: орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты. [2, 5 б.]

Мағжан – қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі. Ол артына өшпес рухани мол мұра,өзіне өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырып кеткен. Егер де Мағжанның өлеңін әдебиет тарихының көзімен қарасақ, Мағжан өлеңі қазақ әдебиетіне жаңалық тудырады. Қазақ әдебиетінде жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, романтизм,сыршылдық дәуірінде Мағжанның “Ертегі”, “Қорқыт”, “Батыр Баян” сықылды поэмалары әдебиетке зор күш беріп, іргелі орын алады.

XX ғасырдың басы еліміздің рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең болды. Қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі — ұлттық көзқарастардың оянуы мен қоғамда жаңа жол іздеген дағдару дәуіріне тура келді. Дәл осы тұста Мағжан жалынды жырларымен ұлттың рухын көтерген алаш ұлдарының бірі болды. Ақын тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны “хакім” деп атады, ұлы ақынның “мың жыл жұтса дәмі кетпес” сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты, Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты. Мағжан ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді (“Шын сорлы”), халқын өнер-білімге шақырды (“Ләззат қайда?”, “Жазғы таң”, “Өнер-білім қайтсе табылар”, “Балалық шақ”, “Қазағым”, “Қарағым”, “Осы күнгі күй”, “Мен сорлы”).

Бірқатар өлеңдерін махаббат тақырыбына арнады (“Жас келін”, “Зарлы сұлу”,

“Сүйгеніме”, “Алданған сұлу”). Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін Мағжан ұлт азаттық тақырыбын үзбей толғанды, оны өз поэзиясының өзегі етті. Бүкіл халықты тап, топқа жіктемей, Қазақ елін әлемдік мәдени жетістіктерге қол жеткізуге қандай күш кедергі деген сауал қойып, оған басты кедергі – отаршылдық деген шешімге келді.

Бастапқы кезде бұл тақырып туған жердің табиғатын тамашалаудан барып қайран жердің ендігі күні не болады деген уайым-қайғыға ұласады, ақыры келіп кіндік қаны тамған нулы, сулы өлкені жаулап жатқан қара шекпенді отаршылдыққа қарсы наразылық оты болып тұтанды (“Туған жерім – Сасықкөл”). Ақын халқымен бірге күйзелді, осыдан келіп романтикалық әуенге бөленген жорық идеясы туды (“Жарыма”, “Есімде... тек таң атсын”, “Жаралы жан”, “Мен жастарға сенемін”, т.б.).

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! – деп халқына деген шексіз махаббатын жырлаған Мағжан алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, “Қазақ” газетіне өлеңдерін жариялап тұрған. Оның “Мен кім?” деген өлеңінен мынадай жолдарды ұшыратамыз:

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,

Тұлпармын мен, шыңыма ермей қаларсың.

Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,

Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,

Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,

Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Бұл романтикалық асқақ шумақтардан ақынның өз күшіне, өз талантына, керек десеңіз, өмір тағдырына кәміл сенгенін байқаймыз. Мұның алдында «арыстанмын, кім шыдар» деген жолдар бар. Осының бәрі – асып-тасудың, астамдықтың белгісі емес, асылдықтың, жайдың жасылындай өткірліктің жөні. Ақын сөзі ащы шындықтың айнасы болып отырған. Өзі оны түсінген де, білген де. Асыл сөздердің қадірменді иесі – зерделі оқушылар екенін кәміл ұққан. Ол – парасат қайнары, мейірбан жүректі туған елі еді. Мағжан ақын бір өмірін, білгенін сол туған халқына, еліне арнаған да, сарнаған да. [1, 4 б.]

Ақын дүниетанымына Қызылжардағы Бегішев медресесінде оқуы көп ықпал етті. Ол жас өрен жүрегіне түрікке деген бауырмалдық сезім туғызды. “Шолпан” жинағындағы “Орал тауы” өлеңінде:

“Қосылып батыр түрік балалары,

Таптатпа, жолын кесіп тізгінге орал”, – деп жазды. Ерекше атап өтетін бір жәйт – Мағжанның түрік халқының шет ел басқыншыларына қарсы азаттық қозғалысына үн қосуы. Мұнда реалистік, романтикалық сарындар бір-бірімен астасып, бірге өріліп отырады.

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой, – деп тебіренген ол «Тұран», «Түркістан» арқылы Шығыс әлемін, бүкіл түркі дүниесін мақтан ете жырлайды. Сондықтан, Мағжан Жұмабаевтың түркі жұртының алдында тұлғасы биік ақын. Оның шығармасына байланысты жиындар Түркия мемлекетінде жиі ұйымдастырылып, көптеген өлеңдері түрік тілінде жарық көрген.

Түрік тақырыбы қазақ халқының ұлт-азаттық тақырыбына ұласып, отаршылдыққа қарсы күреске алып келді (“Орал тауы”, “Алыстағы бауырыма”, “Жер жүзінде”, “Қазақ тілі”, “Тез барам!”, “Түркістан”, “Орал”). Сондай-ақ, Мағжан “Пайғамбар” өлеңінде “Ғұн – түріктің арғы атасы” десе, “Түркістан” атты өлеңінде “Түркістан – ер түріктің бесігі ғой” деп асқақ рухпен жырлады.

Түрікшілдік сезімі 1919 – 1923 жылдары Мұстафа Кемал Ататүрк бастаған түрік халқының азаттық соғысына арналған “Алыстағы бауырыма” атты өлеңінде айрықша байқалады. Оның бұл өлеңін Мұстафа Шоқай “Яш Түркістан” журналында (1930, №1) жариялай отырып, оны түрікшілдік күресі үшін ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп

бағалады.

Мағжан Жұмабай – философ ақын. Ақынның философиялық көзқарасы өз өлеңдерінде жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік тәрізді қарама-қайшылықты философиялық ұғымдарды шебер шендестіре білуінен байқалады. Ол дүниені біртұтас құбылыс ретінде алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде суреттейді. Табиғатсыз, жаратылыссыз адам жоқ. Ал табиғат адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана оған бағынбайды, дене бағынса да сезім бағынбайды. Сондықтан ол бұлқынады, серпінеді, үстем болғысы келеді. Мағжан ақындығының құпиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелуінде ғана емес, өлеңінің сикырлы күшінде. Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы жұтқан қазақтың ішкі сезімін көрсетеді.

Мағжан өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілген, сұлу жырымен оқырманын егілген, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегенде, қауіп-қатер жоқ дегені емес, бірақ ақырында қылша мойнын талша қиылатынын біліп пе? Жалпы алып қарағанда, «мен өлмеймін» деген сөздерде терең шындық та жатыр. 60 жылдан аса уақыт бойы үстемдік құрған қоғам ақын үнін шығармай, тұмшалап келсе де, енді естіліп, ақыры жалғастық тауып отырғаны шындық. Ақын өлеңі мен дана сөзі өлмек емес. Ақын көзін аластап, өлеңін жауып жоқ қылған әкімшілік дәуір үстімізден енді ғана ауып барады. Қазақстанның тәуелсіз ел болып қайта құрылуы әрбір жеке адамның бас бостандығын қамтамасыз етпек

Небәрі 44 жыл ғұмыр кешкен Мағжан Жұмабаев өзі өмірден өтсе де артына өлмес мұрасын қалдырды. Бүгінде Мағжантану ілімі ұлттың рухани-мәдени құндылықтар қатарында. Қазақ әдебиетінің сарқылмас қазынасына айналған ұлы суреткердің шығармашылығын көптеген ғалымдар зерттеп, ғылыми еңбектер, оқулықтар жазды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Шериздан Елеуенов, Мағжантану жолында сүбелі еңбек етіп, осы саладағы ізденісі үшін мемлекеттік сыйлыққа ие болған қаламгер. Ол 1988 жылдары Алаш азаматтарын ақтау туралы құжатты әдебиет және өнер институты атынан дайындап, Мағжан ақынның халқымен қауышуына мұрындық болған.

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін бастыру, оқу тоқырай заманында мүмкін болмады. Енді жарты ғасырдан аса уақыт өткенде ғана, аты аңызға айналған ақынның шығармалары халқына қайта оралды. Дүлей қара күшті ақыл-парасатты ауыздықтап, шідерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, тексіздікке сүйрегенін кешегі тарихтан білеміз. Бүгіндері өткендегі орасан қателерді жөндеп, рухани байлықты халықтың өз иелігіне қайтаруға мүмкіндік туып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар) , - Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б
2. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.
4. Жалмырза А. Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2013. – 202 б.